1 ТДМ міндеттері

1.1 2030 жылға қарай бүкіл әлемдегі барлық адамдар үшін қайыршылықты жою (қазіргі уақытта қайыршылық күніне 1,25 АҚШ долларынан аз сомаға күн көру ретінде айқындалады)

1.2 2030 жылға қарай ұлттық анықтамаларға сәйкес қайыршылық жағдайында өмір сүретін барлық жастағы ерлердің, әйелдердің және балалардың үлесін кем дегенде жартысына азайту

1.3 Ең төменгі деңгейлерді белгілеуді қоса алғанда, барлығына арналған тиісті жүйелер мен әлеуметтік қорғау шараларын ұлттық деңгейде енгізу және 2030 жылға қарай халықтың кедей және осал топтарын елеулі қамтуға қол жеткізу

1.4 2030 жылға қарай барлық ерлер мен әйелдердің, әсіресе аз қамтылған және осал топтағы адамдардың экономикалық ресурстарға тең құқықтары болуын, сондай-ақ микроқаржыландыруды қоса алғанда, базалық қызметтерге, жерді және меншіктің басқа да нысандарын иеленуге және билік етуге, мұраға қалдырылған мүлікке, табиғи ресурстарға, тиісті жаңа технологиялар мен қаржылық қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету

1.5 2030 жылға қарай аз қамтылған және осал топтағы адамдардың өмірге төзімділігін арттыру және климаттың өзгеруінен туындаған экстремалды құбылыстар мен басқа да экономикалық, әлеуметтік және экологиялық күйзелістер мен зілзалалар алдындағы олардың қорғалмауы мен осалдығын азайту

1.a Әртүрлі көздерден маңызды ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз ету, оның ішінде дамушы елдерге, әсіресе аз дамыған елдерге қайыршылықтың барлық түрлерін жою жөніндегі бағдарламалар мен стратегияларды жүзеге асыру үшін жеткілікті және болжамды қаражат ұсыну үшін даму мақсатында ынтымақтастықты жандандыру негізінде

1.b Ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде қайыршылықты жою жөніндегі іс-шараларға жедел инвестициялауға жәрдемдесу үшін кедейлік мүдделері мен гендерлік аспектілерді ескеретін даму стратегиялары негізге алынатын сенімді стратегиялық тетіктерді құру

Қазақстанда аталған барлық міндеттер қабылданды.